

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына осы мемлекеттердің азаматтарына берілетін шарттарда жалпы білім беретін мекемелерге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелердің білім алушылары мен педагог қызметкерлерін әлеуметтік қорғау туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 сәуірдегі N 283 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2004 жылғы 16 сәуірде Чолпон-Ата қаласында жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына осы мемлекеттердің азаматтарына берілетін шарттарда жалпы білім беретін мекемелерге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелердің білім алушылары мен педагог қызметкерлерін әлеуметтік қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына осы мемлекеттердің азаматтарына берілетін шарттарда жалпы білім беретін мекемелерге қол жетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелердің білім алушылары мен педагог қызметкерлерін әлеуметтік қорғау туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын осы Келісімге үкімет атынан қатысушы мемлекеттері,

Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы 1992 жылғы 15 мамырдағы келісімінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай жалпы білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 17 қаңтардағы келісімінің ережелерін басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер арасында білім беру саласындағы дәстүрлі байланыстарды ескере отырып,

білім беру жүзеге асырылатын аумақтағы Тараптардың азаматтарымен қатар Тараптардың азаматтарына жалпы білім алуға тең құқық ұсыну үшін бірыңғай тәсілдемелерді пысықтауда өзара іс-әрекет қажеттігін ұғына отырып,

төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Тараптар білім беру жүзеге асырылатын аумақта Тараптардың азаматтарымен мемлекеттік білім беру стандарттарының шегінде тең құқықта білім беру үшін Тараптардың азаматтарына жалпы білім беру мекемелерінде қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

## **2-бап**

Жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын және мемлекеттік аккредиттеуден өткен жалпы білім беретін мекемелерге Тараптардың азаматтарын қабылдау тәртібі білім беруді жүзеге асыратын аумақтағы Тараптардың заңнамаларымен, осы Келісіммен және жалпы білім беретін мекемелердің жарғыларымен айқындалады.

## **3-бап**

Тараптар Тараптардың азаматтарын жалпы білім беру мекемелеріне олардың аумағында тұрақты тұратындарды, тікелей шарттар бойынша, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелерінің арасындағы шарттар бойынша қабылдауға ықпал етеді.

## **4-бап**

Тараптардың азаматтарын жалпы білім беру бағдарламаларын іске асыратын және мемлекеттік аккредиттеуден өткен мемлекеттік емес жалпы білім беру мекемелерінде оқыту өтеу негізінде жүзеге асырылады.

## **5-бап**

Тараптар білім беруді жүзеге асыратын аумақта Тараптардың мемлекеттік тілін үйрену үшін шараларды әзірлеуге және іске асыруға ықпал етеді.

## **6-бап**

Тараптар жалпы білім беру мекемелерінде оқуы кезеңінде білім беру жүзеге асырылатын аумақта Тараптардың заңнамаларына сәйкес кемсітушіліктің барлық түрлерінен қорғау, білім алушылардың өмірін, әлеуметтік құқығын және денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді.

## **7-бап**

Тараптар мүдделі тараптардың арасында жасалған қосымша келісімдерге сәйкес басқа Тараптардың жалпы білім беру мекемелерінде жұмыс істейтін педагогикалық қызметкерлерді әлеуметтік қорғау шараларын әзірлеуге және іске асыруға ықпал етеді.

## **8-бап**

Осы Келісім Тараптар қатысушылар болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне қатысы жоқ.

## **9-бап**

Осы Келісімді қолданумен және түсіндірумен байланысты даулы мәселелер туындаған жағдайда Тараптардың арасында кеңестер және келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

## **10-бап**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы депозитарийдің үшінші хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Ішкі мемлекеттік рәсімдерді кейінірек орындаған Тараптар үшін депозитарийға тиісті құжаттарды тапсырған күнінен бастап күшіне енеді.

#### **11-бап**

Осы Келісім осындай қосылу туралы құжаттарды депозитарийға тапсыру жолы арқылы оның ережелерін танитын басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық.

#### **12-бап**

Осы Келісімге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын Хаттамамен ресімделеді және осы Келісімнің 10-бабымен белгіленген тәртіпке сәйкес күшіне енеді.

#### **13-бап**

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап бес жыл бойы қолданыста болады және егер Тараптар басқа шешім қабылдамаса, келесі бес жыл кезеңге автоматты түрде ұзартылатын болады.

#### **14-бап**

Кез келген Тарап осы депозитарий шыққанға дейін 6 ай мерзімнен кешіктірмей жазбаша хабарлама жіберу арқылы осы Келісімнен шыға алады.

2004 жылғы 16 сәуірде Чолпан-Ата қаласында бір түпнұсқа данасында орыс тілінде жасалған. Түпнұсқа данасы осы Келісімге қол қойған әр мемлекетке оның расталған көшірмесін жіберетін Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады.

*Әзірбайжан*

*Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Армения Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Грузия Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Молдова Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының*

*Тәжікстан Республикасының*

*Өзбекстан Республикасының*

*Украина Үкіметі үшін*

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттері азаматтарының осы мемлекеттердің азаматтарына жасалатын жағдайда жалпы білім беретін мекемелеріне қол жетімділікті, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелердің білім алушылары мен педагог қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету туралы келісіміне

**Азербайжан  
ЕРЕКШЕ ШКІРІ**

**Республикасының**

Білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы 1992 жылғы 15 мамырдағы келісімінің және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының бірыңғай жалпы білім беру кеңістігін қалыптастыру жөніндегі ынтымақтастық туралы 1997 жылғы 17 қаңтардағы келісімнің ережелері Азербайжан Республикасы үшін бірінші құжатқа қосылғанда және екеуі бойынша қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындаған соң күшіне енеді.

А з е р б а й ж а н

Р е с п у б л и к а с ы

Премьер-Министрінің бірінші орынбасары

А. Аббасов

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттері азаматтарының осы мемлекеттердің азаматтарына жасалатын жағдайда жалпы білім беретін мекемелеріне қол жетімділікті, сондай-ақ жалпы білім беретін мекемелердің білім алушылары мен педагог қызметкерлерін әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету туралы келісім жобасына

**Грузияның ескертпесі**

кіріспедегі екінші абзац алынып тасталсын.